

2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 28 қыркүйектегі N 855 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қоса беріліп отырған 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Бауыржан Әлімұлы Мұхаметжановқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат ете отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2007

жылғы» 28

қыркүйектегі

N

855

қаулысымен

мақұлданған

2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға Қосымша хаттама

I. Жалпы ережелер

А. Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі, Меморандумның және осы Қосымша хаттаманың шарттарына сәйкес ағымдағы жобаларды қолдау мақсатында 2002 жылғы 12 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы Есірткіні бақылау және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға (бұдан әрі - Меморандум) өзгерістер енгізуге келіседі.

В. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі төменде сипатталған жобалар шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне қосымша көмек көрсету үшін 894500 АҚШ долларын береді. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі осы Қосымша хаттаманың шарттарына сәйкес Америка Құрама Штаттары Үкіметінің басқа органдары арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақшалай қаражат бөлу жолымен тиісті оқытуды және жабдықты ұсынады.

С. Осы Қосымша хаттамада көзделетін ақшалай қаражат мыналарға:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақшаны жылыстатуды бақылау жөнінде жәрдемдесуге ;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне адамды саудаға салуды бақылау жөнінде жәрдемдесуге ;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметіне адамды саудаға салуға, есірткінің, есірткі құралдарының, прекурсорлар мен басқа да контрабанданың заңсыз трафигіне; террористер мен террористік мақсаттағы материалдар транзитіне; сондай-ақ заңсыз кірістердің транзитіне қарсы күресу мақсатында шекара қауіпсіздігін жақсарту жөнінде жәрдемдесуге ;

4) Қазақстан Республикасының Үкіметіне есірткінің заңсыз айналымына қарсы күресте жәрдемдесуге ;

5) Қазақстан Республикасының Үкіметіне сот сараптамасының материалдарын жинауда және талдауда, сот сараптамасы зертханаларын дамыту мен сот сараптамасының ғылыми қызметкерлерін оқытуда жәрдемдесуге бағытталған бес жобаға қолданылады .

Д. Тараптар осы жобаларды қолдауы үшін жасайтын іс-әрекеттер және ұсынатын ресурстар төменде көрсетілген .

Е. Осы жобалар бойынша қаржы бөлу Америка Құрама Штаттары Конгресінің жыл сайынғы мақұлдауына және қорларға қаржы бөлуіне, сондай-ақ Америка Құрама Штаттары мемлекеттік хатшысының есірткі бизнесіне қарсы күрес және заңдылықты сақтау проблемалары жөніндегі орынбасарының оларды бекітуіне байланысты.

II. Жобалардың сипаттамасы, мақсаты және бағалауы

А. Ақшаны жылыстатуға қарсы іс-қимыл жөніндегі жоба (250000 АҚШ доллары):

1) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігімен (қаржы полициясы), Астана қаласындағы Қаржы полициясы академиясымен және басқа да органдармен бірлесіп, Америка Құрама Штаттарының Үкіметі ақшаны жылыстатуға қарсы күрес техникасы бойынша оқыту курстарын өткізеді. Оқытуға Қазақстан Республикасының экономикалық және қаржылық қылмыстарға тергеу жүргізумен, экономикалық қызметтің қаржылық мониторингімен, сондай-ақ экономикалық және қаржылық тергеуді жүргізу жөніндегі органдар жүргізетін қызметті қадағалауды жүзеге асырумен айналысатын барлық органдар қатыса алады.

Америка Құрама Штаттарының Үкіметі Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы академиясының жабдықтарын жаңғыртуды және Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы академиясы мен Америка Құрама Штаттарының құқық қорғау мекемелері арасында тәжірибе алмасуды қоса алғанда, әр түрлі іс-шараларды/курстарды өткізу арқылы оқыту әдістерін жақсартуды жалғастыруда. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы академиясына ағылшын тілі оқытушыларын оқытуды қоса алғанда, лингвистикалық сыныптарда пайдалануға арналған жабдықтарды жаңғырту бойынша көмек көрсетеді. Қаржылай қаражат болған кезде Америка Құрама Штаттарының Үкіметі сондай-ақ Академияда ағылшын тілі курсына табысты аяқтаған және ағылшын тілін білу деңгейі мен басқа да кәсіби қасиеттері оқыту үшін қажетті деңгейге сай келетін Қазақстан Республикасы қаржы полициясы академиясының түлектеріне Америка Құрама Штаттарының таңдаған құқық қорғау оқу институттарында немесе басқа да елдерде ақшаны жылыстатуға қарсы күрес әдістері және/немесе қаржылық тергеу техникасы бойынша оқыту курстарын қ а р ж ы л а н д ы р а д ы .

Америка Құрама Штаттарының көмегі халықаралық қаржылық барлау органының прогрессивті тәжірибесін, сондай-ақ басқа да пәндерді қаржы мониторингі органы өкілдерінің оқуын қоса алғанда, Үкіметі Қазақстанда қаржылық мониторинг органын құруда техникалық жәрдем көрсетуді қамтиды. Қаржылық барлау органын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру прогресіне қарай Америка Құрама Штаттарының Үкіметі Қазақстан Республикасының халықаралық қаржы мониторингі органдарына кіруі бойынша сараптамалық көмек көрсетеді немесе семинарлар мен к о н ф е р е н ц и я л а р ө т к і з е д і ;

2) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:
нұсқаушыларды және қажетті оқу материалдарын ұсынады;
қазақстандық тараппен келіскен кезде Америка Құрама Штаттары Үкіметінің ш е ш і м і б о й ы н ш а ж а б д ы қ ұ с ы н а д ы ;
қазақстандық тараппен келіскен кезде Америка Құрама Штаттары Үкіметінің қаржыландыруы есебінен өткізілетін іс-шаралар кезінде техникалық көмек ұсынады;

келесі жылдың (көмек көрсетілген сәттен бастап) 1 шілдесі мен 1 қаңтарынан кешіктірмей ресми арналар арқылы орындалған іс-шаралар, қол жеткізілген мақсаттар туралы ақпаратты және бағдарламаны іске асыруға жұмсалған қаржылай қаражат, сатып алынған жабдықтар және басқа да деректер туралы ақпаратты қамтитын есеп б е р е д і ;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

о қ у ү й - ж а й л а р ы н ұ с ы н а д ы ;

қ о л д а б а р о қ у ж а б д ы қ т а р ы н ұ с ы н а д ы ;

курс басталғанға дейін 15 күннен кешіктірмей оқытудан өтетін кандидаттардың тізімі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің қаржыландыруы есебінен жүзеге асырылатын жобалардың талаптарына жауап беретін олар туралы ақпаратты ұсынады;

қазақстандық заңнаманы, атап айтқанда ақшаны жылыстату бөлігінде және өткізілетін сыныптарға қатысы бар басқа да пәндерді білетін нұсқаушыларды ұсынады;

келесі жылдың (көмек көрсетілген сәттен бастап) 31 наурызынан кешіктірмей Астана қаласындағы Америка Құрама Штаттарының Елшілігіне ресми арналар арқылы ақшаны жылыстатуды қылмыстық қудалау бойынша қозғалған және табысты шешілген істердің саны туралы статистиканы қоса алғанда, орындалған іс-шаралар, қол жеткізілген мақсаттар туралы ақпаратты және жобаның тиімділігін растайтын деректерді қамтитын жыл сайынғы есеп ұсынады. Өзара түсіністік туралы меморандумның шарты бойынша жобаның тиімділігі жыл сайынғы есепте қамтылған ақпарат негізінде бағаланатын болады;

4) жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдермен бағаланады :

Қазақстан Республикасының ресми статистикалық деректеріне сәйкес ақшаны жылыстату бойынша табысты ашылған қылмыстық істер санының көбеюі;

Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы академиясының көптеген студенттерін оқуға қабылдау мен шет тілін оқыту жөніндегі оқу материалдарын жақсарту мақсатында шет тілін оқыту бойынша оқу бағдарламасының жақсаруы;

Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы академиясының тілдік тестті сәтті тапсырған түлектері санының көбеюі;

Америка Құрама Штаттарының немесе басқа елдердің тыңдап алынған құқықтық оқу орындарынан Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы академиясы студенттерінің сәтті бітіріп шығуы.

В. Адамды саудаға салуға қарсы күрес жөніндегі жоба (262500 АҚШ доллары):

1) бұл жобаны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі (ИМ) Қарағанды заң институтының жанындағы заңсыз көші-қон мен адамдар трафигіне қарсы күрес жөніндегі оқу орталығы (Оқу орталығы) нығайтады. Жоба адамды саудаға салу мен құрбандарды анықтау техникасына байланысты адамды саудаға салуға қарсы

іс-қимылдың құқықтық тұжырымдамалары мен істі тергеу техникасы бойынша ПМ институтының студенттерін, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қатардағы офицерлерін оқытуға бағытталған. Америка Құрама Штаттары Үкіметінің қаражаты есебінен қажеттілігіне қарай ПМ-нің институтында шетел тілдерін оқытуға арналған лингафондық кабинетті қоса алғанда, Оқу орталығына жабдықтар мен оқу материалдары беріледі. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі оқу жоспарын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру мақсатында оны әзірлеу мен қажет болған кезде жетілдіруге қатысады. Бұл қаржыландырудың бір бөлігі трафиктің сипаты мен қауіпі туралы хабардар болуды арттыру және трафиктің құрбандарын қорғау мақсатында халық пен үкімет өкілдерінің арасындағы қоғамдық ақпараттық науқандарды қоса алғанда, адамды саудаға салудың алдын алуға бағытталған іс шаралар қолдауға беріледі.

2) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:
нұсқаушылар және оқу материалын береді;

Америка Құрама Штаттары Үкіметінің шешімі бойынша қазақстандық тараппен келіскен кезде жабдықтар береді;

жоба бойынша материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұсынады;

Қазақстан Республикасының Үкіметі лауазымды адамдарының кәсіптік білімдерін консультациялар, конференциялар, оқыту семинарлары мен оқу іссапарлары сияқты іс-шаралар өткізу арқылы жетілдіреді;

заңсыз көші-қон мен адамды саудаға салуға қарсы күрес мәселелеріне қатысты статистикалық деректер, эмпирикалық материал, халықаралық құжаттар алуда қолдау көрсетеді;

Америка Құрама Штаттарынан және басқа да елдерден заңсыз көші-қон мен адамды саудаға салуға қарсы күрес саласындағы мамандарды тарта отырып, адамды саудаға салуды болдырмау мәселелері, адамды саудаға салу салдарынан зардап шеккендерді қорғау және адам сатушыларды қылмыстық қудалау бойынша тәжірибе алмасу мақсатында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізеді;

келесі жылдың (көмек көрсетілген сәттен бастап) 1 шілдесі мен 1 қаңтарынан кешіктірмей ресми арналар арқылы орындалған іс-шаралар, қол жеткізілген мақсаттар туралы және бағдарламаны іске асыруға жұмсалған қаржылай көмек, сатып алынған жабдықтар туралы ақпаратты және басқа да деректерді қамтитын есепті беруге міндетті ;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі:
оқу бағдарламаларын жүргізу үшін орын ұсынады;

адамды саудаға салуға қарсы күрес саласындағы қазақстандық заңнаманы және осы оқу бағдарламаларына қатысы бар басқа да пәндерді білетін нұсқаушыларды ұсынады;

курс басталғанға дейін 15 күннен кешіктірмей курстың талаптарына жауап беретін, оқытудан өтуге кандидаттардың тізімі мен олар туралы ақпаратты ұсынады;

Оқу орталығының студенттеріне арналған жатақхана салу мен инфрақұрылымын дамытуды қаржыландыруды қамтамасыз етеді;

келесі жылдың (көмек алған сәттен бастап) 15 қаңтарынан кешіктірмей Астана қаласындағы Америка Құрама Штаттарының Елшілігіне ресми арналар арқылы адам сатушыларды тұтқындау, қылмыстық тәртіппен қудалау, соттау және оларға қатысты шығарылған сот үкімдерінің саны туралы статистиканы қоса алғанда, орындалған іс-шаралар, қол жеткізілген мақсаттар мен жобаның тиімділігін растайтын деректер туралы ақпаратты қамтитын жыл сайынғы есепті береді. Жобаның тиімділігі жыл сайынғы есепте қамтылған ақпараттың негізінде бағаланатын болады;

4) жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдер бойынша бағаланады :

адамды саудаға салуға қарсы күрес жөніндегі сарапшылардың ұсынымдары бойынша Оқу орталығының оқу жоспарларын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру мақсатында оларды жетілдіру;

ағылшын тілін оқыту жөніндегі курстарды енгізу мақсатында Оқу орталығының оқу жоспарларын түзету ;

Оқу орталығы студенттерінің ағылшын тілі оқыту жөніндегі курстарды сәтті аяқтауы ;

тұтқынға алу, сот талаптары мен сотталған адам сатушылар санының артуы; адамды саудаға салу қаупі туралы жұртшылық пен құқық қорғау органдары офицерлерінің хабардар болуының артуы.

С. Шекара қауіпсіздігін күшейту жөніндегі жоба (167000 АҚШ доллары):

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институты (бұдан әрі - Әскери институт) мен Америка Құрама Штаттарының Шекара патрулі академиясының арасында кәсіптік қарым-қатынастар орнату осы жобаның мақсаты болып табылады. Жоба шеңберінде қажетті білімі бар және ағылшын тіліне машықтанған соңғы курс студенттерін Америка Құрама Штаттарының Шекара патрулі академиясына немесе жағдай бойынша құқық қорғау органдары жанындағы басқа оқу орындарына мамандандырылған курстарға жіберуде қолдау көрсетіледі. Америкалық тарап берген қаржының бір бөлігі Әскери институтқа лингафондық кабинет пен ағылшын тіліндегі оқу материалдарын беруге бағытталған. Қаржылай қаражат болған кезде кинологиялық қызмет мәселелерін қоса алғанда, офицерлер мен шекара қызметінің бақылаушыларын оқытуды жетілдіру үшін өзге де жабдықтар және оқыту сатып алынады. Қаржының бір бөлігі екі Тарап бірлесіп белгілейтін Қазақстанның мемлекеттік шекарасында жеткілікті қамтамасыз етілмеген өту пункттеріне мамандандырылған оқыту жүргізу мен жабдықтарды және автомобильдер беруге пайдаланылады. Қаржылай қаражат болған кезде қаржының қалған бөлігі Қазақстан Республикасы Шекара қызметінің оқу орталықтарына компьютерлер мен оқу материалдарын беруге пайдаланылады. Осы жоба Қазақстан Республикасының Шекара

қызметі мен Америка Құрама Штаттарының Шекара патрулі қызметінің арасында кәсіптік қарым-қатынастар орнатудағы алғашқы қадам болып табылады;

2) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:

осы жобаға байланысты барлық сатып алуды қамтамасыз етеді;

Америка Құрама Штаттары Үкіметінің шешімі бойынша қазақстандық тараппен келіскен кезде жабдықтар береді;

нұсқаушыларды/сарапшыларды және қажетті оқу материалдарын ұсынады; жобаның талаптарына жауап беретін құжаттарды ұсынғаннан кейін қазақстандық тараппен семинарларға қатысушылардың көліктік шығыстарын жабады;

алыстан оқуға қатысу үшін келген қазақстандық қатысушылардың тұру шығыстарын жабады;

іс-шара басталғанға дейін 30 жұмыс күнінен кешіктірмей Америка Құрама Штаттары Үкіметінің қаржыландыруы есебінен жүзеге асырылатын алдағы тренингтер мен семинарлар туралы ақпарат береді;

келесі жылдың (көмек көрсеткен сәттен бастап) 1 шілдесі мен 1 қаңтарынан кешіктірмей ресми арналар арқылы орындалған іс-шаралар, қол жеткізілген мақсаттар туралы және бағдарламаны іске асыруға жұмсалған қаржылай қаражат туралы деректерді, сатып алынған жабдықтар және басқа да деректерді қамтитын есепті береді;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

оқу үй-жайларын ұсынады;

қолда бар оқу жабдықтарын ұсынады;

іс-шаралар басталғанға дейін 15 күннен кешіктірмей Америка Құрама Штаттары Үкіметінің қаржыландыруы есебінен жүзеге асырылатын жобалардың талаптарына жауап беретін оқытудан өтуге кандидаттардың тізімі мен олар туралы ақпаратты ұсынады;

оқытуды бірлесе өткізу үшін қазақстандық заңнаманы, атап айтқанда шекара қауіпсіздігі мәселелерінде және оқу іс-шараларына қатысты басқа да тақырыптарды білетін нұсқаушыларды ұсынады;

келесі жылдың (көмек алған сәттен бастап) 31 наурызынан кешіктірмей Астана қаласындағы Америка Құрама Штаттарының Елшілігіне ресми арналар арқылы өткізу пункттерінде заңсыз есірткі құралдарын, психотроптық заттарды, прекурсорларды, тауарлар мен адам сатушыларды тұтқындауларды алып қоюлардың саны туралы статистиканы қоса алғанда, орындалған іс-шаралар, қол жеткізілген мақсаттар мен жобаның тиімділігін растайтын деректер туралы ақпаратты қамтитын жыл сайынғы есепті ұсынады. Жобаның тиімділігі жыл сайынғы есепте берілген ақпараттың негізінде бағаланатын болады;

4) жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдер бойынша бағаланады:

қазақстандық шекараның өткізу пункттерінде заңсыз көшіп қонушыларды, тауарларды, адам сатушыларды, есірткіні, психотроптық заттар мен прекурсорларды алып қою/тұтқындау санының көбеюі;

Америка Құрама Штаттарының Шекара патрулі академиясындағы немесе басқа институттардағы Әскери институттың соңғы курсы студенттерінің мамандандырылған курстарды табысты аяқтауы;

Әскери институттың ағылшын тілі курсын табысты аяқтаған соңғы курс студенттері санының көбеюі.

D. Ішкі істер министрлігінің (ІІМ) ақпарат алмасу және оқытуды ұсыну арқылы есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрестегі қабілетін арттыру жөніндегі жоба (1 7 5 0 0 0 А Қ Ш доллары):

1) осы жобаның шеңберінде Америка Құрама Штаттарының Үкіметі заңсыз есірткіні табуда, тосқауылдауда және қолдануды тергеуде сату мен тасымалдауда офицерлік құрамның кәсіби дағдыларын арттыру бойынша ІІМ-ге жәрдем көрсетеді. Осы жобаның шеңберінде Америка Құрама Штаттарының Үкіметі полиция офицерлеріне мамандандырылған оқытуды және ІІМ-нің жанындағы оқу және білім беру орталықтарына қажетті кеңсе жабдықтарын ұсынады. Қаржының бір бөлігі есірткі құралдары мен басқа да контрабандалық заттарды сәйкестендіру және әкелуді тосқауылдау мәселелері бойынша полиция офицерлерінің практикалық дағдыларын жетілдіру үшін кәсіптік жабдықтар және оқу материалдарын беруге бөлінеді. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі ұсынатын қорлар, сондай-ақ екі үкімет арасында өткізілетін екі жақты кездесулер немесе басқа да іс-шаралар арқылы есірткіге қарсы күрес жөніндегі мәселелермен айналысатын ІІМ-нің аға офицерлері мен қызметшілерінің және Федералдық тергеу бюросы, Ішкі қауіпсіздік министрлігі, Есірткіні бақылау агенттігі, Әділет министрлігі қызметшілерінің және/немесе басқа да агенттіктердің арасындағы диалогты қолдауға бағытталған;

2) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:

осы жобаға байланысты барлық сатып алуды қамтамасыз етеді;

Америка Құрама Штаттары Үкіметінің шешімі бойынша қазақстандық тараппен келіскен кезде жабдықтар береді;

нұсқаушыларды және қажетті оқу материалдарын ұсынады;

жобаның талаптарына сәйкес құжаттарды ұсынғаннан кейін қазақстандық тараппен семинарларға қатысушылардың көліктік шығыстарын жабады;

алыстан оқуға қатысу үшін келген қазақстандық қатысушылардың тұру шығыстарын жабады;

келесі жылдың (көмек көрсеткен сәттен бастап) 1 шілдесі мен 1 қаңтарынан кешіктірмей ресми арналар арқылы орындалған іс-шаралар, қол жеткізілген мақсаттар туралы және бағдарламаны іске асыруға жұмсалған қаржылай қаражат туралы деректерді, сатып алынған жабдықтар және басқа да деректерді қамтитын есепті береді;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі:

оқу үй - жайларын ұсынады;

қолда бар оқу жабдықтарын ұсынады;

іс-шаралар басталғанға дейін 15 күннен кешіктірмей Америка Құрама Штаттары Үкіметінің қаржыландыруы есебінен жүзеге асырылатын жобалардың талаптарына жауап беретін оқытудан өтуге кандидаттардың тізімі мен олар туралы ақпаратты ұсынады;

оқытуды бірлесе өткізу үшін қазақстандық заңнаманы, атап айтқанда есірткіге қарсы күрес мәселелерінде және оқу іс-шараларына қатысты басқа да пәндерді білетін нұсқаушыларды ұсынады;

келесі жылдың (көмек алған сәттен бастап) 31 наурызынан кешіктірмей Астана қаласындағы Америка Құрама Штаттарының Елшілігіне ресми арналар арқылы есірткіге байланысты ашылған істер және қудалаулар мен сотталғандардың саны туралы статистиканы қоса алғанда, орындалған іс-шаралар, қол жеткізілген мақсаттар мен жобаның тиімділігін растайтын деректер туралы ақпаратты қамтитын жыл сайынғы есеп береді. Жобаның тиімділігі жыл сайынғы есептердегі ақпараттың негізінде бағаланатын болады;

әр кездесудің соңында есірткіге қарсы күрес стратегиясын қарау жөнінде тараптар арасындағы кездесулердің қажеттілік дәрежесін бағалау туралы есеп береді;

4) жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдер бойынша бағаланады:

заңсыз есірткіні санының, есірткіге байланысты ашылған істер және есірткіге байланысты істер бойынша алып қою, қудалау және айыптау санының жоғарылауы.

Е. Зертханаларды және сот сараптамасы ғылыми қызметкерлерінің кәсіби дағдыларын дамытуды қоса алғанда, сот сараптамасының материалдарын жинау мен талдауды жетілдіру жөніндегі жоба (40000 АҚШ доллары):

1) осы жоба 2006 жылғы 28 тамыздағы Меморандумға қосымша Хаттаманың II бөлімінің D тармағына сәйкес қаржыландырылатын жобаның жалғасы болып табылады. Осы жобаның шеңберінде Америка Құрама Штаттарының Үкіметі сот сараптамасы мамандарының, оқу семинарларын өткізу, екі жақты кездесулерін ұйымдастыру арқылы Орталық персоналының кәсіби дағдыларын арттыру жөнінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығына жәрдем көрсетеді. Осы жобаның шеңберінде Америка Құрама Штаттарының Үкіметі сот сараптамасының ғылыми қызметкерлерімен орталық зертхананың және Қазақстандағы зертхана филиалдарының персоналына мамандандырылған оқытуды ұсынады. Қаржының бір бөлігі зертхана қызметшілерінің практикалық дағдыларын жетілдіру үшін кәсіптік жабдықтар және оқу материалдарын беруге бөлінеді. Америка Құрама Штаттарының Үкіметі ұсынатын қорлар сондай-ақ Қазақстанның сот сараптамасы аға мамандарының

Америка Құрама Штаттарындағы және басқа да елдердегі әріптестері арасында диалог орнатуға бағытталған. Осы әрекет кәсіптік семинарларға, оқу сапарларына, ғылыми симпозиумдар мен басқа да іс-шараларға қатысу арқылы жүзеге асырылатын болады. Кәсіптік байланыстар сот сараптамасы мәселелерімен айналысатын Америка Құрама Штаттары Әділет министрлігінің, Федералдық тергеу бюросының және/немесе басқа да мүдделі агенттіктердің көмегімен орнатылатын болады;

2) Америка Құрама Штаттарының Үкіметі:
осы жобаға байланысты барлық сатып алуды қамтамасыз етеді;
Америка Құрама Штаттары Үкіметінің шешімі бойынша қазақстандық тараппен келіскен кезде жабдықтар береді;
нұсқаушылар мен қажетті оқу материалдарын ұсынады;
жоба талаптарына сәйкес құжаттарды ұсынғаннан кейін қазақстандық тараптан семинарға қатысушылардың көліктік шығыстарын жабады;
алыстан оқуға қатысу үшін келген қазақстандық қатысушылардың тұру шығыстарын жабады;

келесі жылдың (көмек көрсеткен сәттен бастап) 1 шілдесі мен 1 қаңтарынан кешіктірмей ресми арналар арқылы орындалған іс-шаралар, қол жеткізілген мақсаттар туралы және бағдарламаны іске асыруға жұмсалған қаржылай көмек, сатып алынған жабдықтар туралы және басқа да деректерді қамтитын есепті ұсынады;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі:
оқу үй-жайларын ұсынады;
қолда бар оқу жабдықтарын ұсынады;
іс-шаралар басталғанға дейін 15 жұмыс күнінен кешіктірмей Америка Құрама Штаттары Үкіметінің қаржыландыруы есебінен жүзеге асырылатын жобалардың талаптарына жауап беретін оқытудан өтуге кандидаттардың тізімі мен олар туралы ақпаратты ұсынады;

оқытуды бірлесе өткізу үшін қазақстандық заңнаманы, атап айтқанда есірткіге қарсы күрес мәселелерінде және оқу іс-шараларына қатысты басқа да пәндерді білетін нұсқаушыларды ұсынады;

келесі жылдың (көмек алған сәттен бастап) 31 наурызынан кешіктірмей Астана қаласындағы Америка Құрама Штаттарының Елшілігіне ресми арналар арқылы есірткіге байланысты ашылған істер және қудалаулар мен сотталғандардың саны туралы статистиканы қоса алғанда, орындалған іс-шаралар, қол жеткізілген мақсаттар мен жобаның тиімділігін растайтын деректер туралы ақпаратты қамтитын жыл сайынғы есеп береді. Жобаның тиімділігі жыл сайынғы есептердегі ақпараттың негізінде бағаланатын болады;

әр кездесудің соңында Тараптар арасындағы есірткіге қарсы күрес стратегиясын талқылау жөніндегі кездесулердің пайдалылық дәрежесі туралы бағалауы бар есепті ұсынады;

4) жобаның мақсаттарына қол жеткізудегі табыс мынадай өлшемдер бойынша бағаланады :

сот сараптамасы талдау материалдарының жылдамдығы мен нақтылығының жоғарылауы; дәлелдейтін материалды сәйкестендірудің мүмкін болмауына байланысты тоқтатылған қылмыстық істер санының азаюы; есірткіге байланысты қозғалған қылмыстық істер санының жоғарылауы.

III. Бағалаудың жалпы жоспары

А. Осы Қосымша хаттаманың II бөлімінің А-Е тармақтарында көрсетілген жобаларды бағалау кезінде тараптар:

1) осы Қосымша хаттама күшіне енген күннен бастап жылына кемінде бір рет: талқылау сәтінде қол жеткізілген табыстарды; жобаларды жетілдіру немесе оған өзгерістер енгізу жөніндегі ұсыныстарды талқылау үшін кездесуге;

2) жобаларға алдыңғы өзгерістер қаншалықты табысты екенін талдауға келіседі.

В. Әрбір жобаның қорытынды сатысында Америка Құрама Штаттары Мемлекеттік департаментінің (INL) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің Халықаралық есірткіге қарсы күрес және заңдылықты сақтау бюросының өкілдері болашақтағы жобалардың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін жетістіктер мен кемшіліктерге егжей-тегжейлі сипаттама бере отырып, әрбір жобаны толық бағалауды жүргізеді.

IV. Қорытынды

А. Осы Қосымша хаттама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және өзінің қолданылуын осы Қосымша хаттамада көзделген барлық міндеттемелерді Тараптар орындағаннан кейін тоқтатады.

В. Өзара түсіністік туралы меморандумның барлық басқа шарттары қолданылатын болады.

2007 жылғы "____" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде бірдей заңды күші бар екі данада жасалды.

Қазақстан Республикасының *Америка Құрама Штаттарының*
Үкіметі үшін *Үкіметі үшін*